



Анесова Мариям – 1936 жылы 16 шілдеде Көнеккеткен ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласқан Мәрия әже егін орды, шөп шапты, жем дайындауда қап-қап қанар арқалады. Сонымен қатар шөмеле салып, қой баққан. Қапез деген азаматқа 19 жасында тұрмысқа шыққан. 13 құрсақ көтерген Мәриям әженің бүгінде 9 перзенті көз алдында. 9 ұл мен 4 қызды өсіріп-жетілдірді. 50 жасында зейнеткерлікке шыққан.

Бүгінде асыл әже, ұл-қыздарының 17 немере, 11 жиен, 3 шөбере сүйіп, олардың мейірім шуағына бөленуде. Мәриям әже бүгіндері кенже ұлы Болаттың шаңырағында бақытты ғұмыр кешуде.

**Есеналиева Меңзия Ахотқызы
1958 жылы 25 қазанда Аңқаты
ауылында дүниеге келген.1980
жылы Тілекбай деген азаматқа
тұрмысқа шығып, 6 кұрсақ
көтеріп, 4 ұл мен 2 қызды
тәрбиелеп өсірді.**

**2010 жылы «Күміс алқа » иегері
атанды. Қазірде 1 немере, 2 жиен
өсіріп, мейірімін төгіп отыр.**

**Меңзия апа шаңырағында
бақытты ғұмыр кешуде**



**Закарина Тойған 1942 жылы 1
қаңтарда Көнеккеткен
ауылында дүниеге келген.
Қайыржан атты азаматпен
шағырақ кұрып, 7 кұрсақ
көтерді, 5 ұл мен 2 қыз өсіріп.
Бүгінде ақ жаулықты ана,
қамқоршы әже болып, 10
немере, 4 жиен сүйіп отыр.
2010 жылы «Алтын алқа»
иегері атанып, балаларының
ортасында тату- тәтті өмір
сүруде.**





**Тасымова Сэбира 1940 жылы
1 тамызда Панкенсад
селосында дүниеге келген. 1961
жылы Ораш атты азаматпен
шаңырақ кұрады. 1990 жылға
дейін зейнет жасына жеткенше
абыройлы еңбек еткен. Қазірде
аяулы жар, асыл әже, 4 ұл мен
4 қыз тәрбиелеп өсірген ақ
жаулықты ана.11 немерелерімен
тату- тәтті өмір сүруде.
2010 жылы «Алтын алқа»
иеленді.**



*Қадырғалиева Маруся 1960
жылы 15 наурызда
Көнеккеткен ауылында
дүниеге келген. Сансызбай
атты азаматпен шаңырақ
құрып, 6 құрсақ көтеріп, 5 қыз
бен 1 ұл тәрбиелеп 2 қызың
құтты орнына қондырып,
жиендерін тәрбиелеп отыр.
2010 жылы «Күміс алқа»
иегері атанды. Маруся апамыз
аяулы жар, асыл әже атанып
тату- тәтті өмір сүруде.*



**Төлешбаева Мауия 1938 жылы
1 қаңтарда Бөкей Ордада
дүниеге келді. 1958 жылы
Қуан атты азаматпен тұрмыс
кұрып, 11 құрсақ көтеріп,
қазірде 7 перзенті өмірде 4 ұл
мен 3 қыз. Аяулы ана, асыл
әжеміздің 12 немере, 10 жиен, 4
шөбересінің қызықтарын
қызықтап тату- тәтті өмір
сүруде.
2010 жылы «Алтын алқа»
иеленді.**



Сламғалиева Бақытжамал 1932 жылы 1 қаңтарда Ақжайық ауданының Жұбан ауылында дүниеге келген. Әжемiз жастайынан еңбекке араласып, трактор айдап, егiн егiп, шөп шапқан. 18 жасында Наурызғали атты азаматпен шаңырақ құрып, 11 құрақ көтерген, 9 ұл мен 2 қыз. Бүгiнде 10 перзентi көз алдында. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға ұшырған әжемiз 33 немере, 14 жиен, 16 шөбересiнiң қызығын көруде. 2010 жылы «Алтын алқа» иелендi.





2002 жылы 11 бала дүниеге әкеліп, тәрбиелегеі үшін «Алтын алқа» алқасымен марапатталған

2002 ЖЫЛҒЫ

мамырдың 28-дегі

Жарлық бойынша

он бір бала туып,

тәрбиелегені үшін
«Алтын алқа» алқасымен

наградталды



Назаралы

За рождение и воспитание

одиннадцати детей

Указом

28 мая 2002

от

награждена подвеской
«Алтын алқа»



Назаралы

ӘНЕСОВА

фамилиясы (фамилия)

Мәриям

аты (имя)

Әлбидаққызы

әкесінің аты (отчество)

№ 23966

2010 жылы «1941 – 1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медалімен марапатталған



Қазақстан Республикасы
Президентінің
2010 жылғы 19 наурыздағы
№ 951 Жарлығымен

Анисова

Мариям

«1941-1945 жж.
Ұлы Отан соғысындағы
Жеңіске 65 жыл»
мерекелік медалімен наградталды

Қазақстан Республикасы Президентінің
атынан медаль «*9*» *май* 2010 ж.
тапсырылды

Меректі құранның жеті
тапсырушы адамның аты-жөні, лауазымы

М.О.

А. Теребинов

КОЛЫ




Ана - үш-ақ әріптен құралған осынау бір сөздің астарында қаншама мән жатыр десеңші. Тіршіліктің қайнар көзі, мейірімнің қайнар бұлағы Анадан қасиетті, анадан киелі ештеңе жоқ. Ана – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы ақ сүтін беріп аялаған жанында аямаған ардақтысы. Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниенің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Ананың нәзік үні, жұмсақ аялы алақаны, жан жылуымен аялауы бізді әлдилеп жұбатады.



Баласы үшін анасы бармайтын құрбандық бар ма? Ана болу – бүкіл өміріне кететін ұлы рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып қағуда, ол ана өзін-өзі ұмытып барлық күш жігерін сарқа жұмсайды, бұдан оның жаны байи, нәрлене түседі. Адам «адам» болғысы келсе, алдымен ананы қастерлей білуі керек. Өмірде ана алақанының қызуы мен әке-шеше мейірімін тоя жеген тамақ та, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайды.

Әрбір ана отының өшпеуін,
бақытының көшпеуін, шаңырағының
құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм
соғыстың болмауын, өз перзентін
асылым мен алтыным, жасыл желек
жарқыным, аспандағы жұлдызым,
маңдайдағы құндызым деп, өмір бойы,
күні-түні перзентінің тілегін тілейді. Не
деген күдіретті мейірім десеңші.





О, анам, Алатаудай асқарымсың,
Жазылмаған өлеңім, дастанымсың,
Кеудеме сыймай жүрген жұмбақ сырым
Әрдайым өзің үшін ақтарылсын.
Мен үшін орның бөлек бұл өмірде,
Анашым, нұр шашасың жүрегімде.
Сен болмасаң осылай бақытты боп,
Жарқылдап, шалқып, тасып, жүремін бе?

Дүниедегі ең ардақты асыл жан,
Анам менің мәпелеген жасымнан.
Мен қуансам қуанады ол бірге,
Мен қиналсам табылады қасымнан.
Маған қымбат жан жоқ сірә анадан,
Бар жақсылық аналардан тараған
Жер бетіне өмір нәрін себуші
Ана алдында борышты ғой бар адам.